

**№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жапындагы мектеп-интернатымен) КММ  
Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ № 2**

Өткізілу күні: 31 қазан 2022 ж  
Уақыты: 10:00

Қатысушылар – мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Культаева Э.К.  
Хатшы: Байдуллаева А.Б.

**Күн тәртібінде:**

1. « I-тоқсанның білім сапасы.» Мектепшілік бақылау қорытындысы..Директордың оқу ісіжөніндегі орынбасары: Абдуллина А.Б.
2. «Құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстары.» I-тоқсан бойынша тәрбие жұмысының қорытындысы.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Дүйсенбай А.Қ.
3. Педагогтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен және кәсіптік этика кодексімен таныстыру.Мектеп – гимназия директоры: Культаева Э.К.
4. Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу мәселесі, аттестациялау ережелерімен таныстыру.Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т.
5. «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың қорытындысы..» PISA, TIMSS-ға дайындық жұмыстарының барысы. Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И.
6. Оқушылардың эмоционалдық - ерік және тұлғалық дамуын зерттеу (1,5 сынып бейімделуі)Мектеп психологі: Каймолдина М.Е.
7. Мектептің әлеуметтік паспортын жүргізілуін қадағалау.Әлеуметтік педагог: Мамбеткулова А.К.

**Тыңдалды:**

**1-мәселе бойынша :** Директордың оқу ісі - жөніндегі орынбасары: Абдуллина А.Б.

« I-тоқсанның білім сапасы.» Мектепшілік бақылау қорытындысы.

2022 - 2023 оқу жылының I-тоқсан бойынша білім сапасының сараптамасы. I тоқсан қорытындысы бойынша 2022-2023 оқу жылында Барлығы – **542/265** оқушы

**Оқу озаттары :** 2-4 кластар аралығында –**53/29** 5-9 кл аралығында – **25/18**

10-11 кл аралығында – **7/4**

**Оқу екпінділері :** 2-4 кластар аралығында – **47/23** 5-9 кл – **81/48** 10-11 кл – **25/20**

Озат –**85/51**, екпінділер –**153/91**

Барлығы – **238/142** озаттар мен екпінділер саны, **білім сапасы –48%**

2а –**68%** , 2ә- 50 % , 2б- 46%, 3а- 59 % , 3ә- 50 % , 3б- 61%, 4 а -56 % , 4ә -54 % ,4б - 46%, 5а -33 % , 5ә -50%,6 а- 48 % ,6 ә – 48%,7а -50 % ,7ә -48%,8а-38%, 8ә - 33%,9а- 52%,9ә – 28 % ,10- 53 % ,10 ә - 43%,11-50 % .

Жалпы білім сапасы:**48 %**

2022-2023 оқу жылының Мектепшілік бақылау жұмысының жоспарына сәйкес 5- сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында Психологиялық -педагогикалық консилиум өткізілді.

**Мақсаты :**

1. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер мен олқылықтарды түзету.
2. Ортақ психологиялық –педагогикалық ұстаныммен жеке тұлғаны дамыту

**Консилиум міндеттері:**

5 -класс оқушыларының психологиялық, әлеуметтік зерттеу нәтижелерімен таныстыру.

Оқу үрдісіндегі оқушылардың мүмкіндіктерін талқылау.

Зерттеу қорытындыларынан ортақ шешім қабылдау.

**4 а кл жетекшісі -Үкібаева Р.З.**

**5 а кл жетекшісі- Қарымсақ Е.Б**

**4ә кл жетекшісі- Әлімжанова Ж.Ә.**

**5ә кл жетекшісі- Сатмағанбетова Б.Т**

**4 а,4ә кластарының және 2022-2023 оқу жылындағы 5а,5ә кластарының қазақ тілі ,**

**математика, орыс тілі,**

**ағылшын тілі, жаратылыстану,қазақстан тарихы пәндері бойынша салыстырмалы білім**

**сапасының көрсеткіштері**

2021-2022 ж **4а** - 66%,**5а** - 33% **Динамика**- -33% **4ә** -65%,**5ә** - 50% **Динамика** - -15%

2021 – 2022ж **4а** Математика - 70% 2022-2023 ж - 48% -22 **Үкібаева Р.З** Искендинова С.Қ

2021 – 2022ж **4а** Қазақ тілі - 70% 2022-2023 ж - 52% - 18 **Үкібаева Р.З** Жанұзақова Т.З

2021 – 2022ж **4а** Орыс тілі - 67% 2022-2023 ж - 59% - 8 **Ельдесова К.Ж** Кабиев С.Н

2021 – 2022ж **4а** Жаратылыстану - 74% 2022-2023 ж - 48% - 26 **Үкібаева Р.З** Жекеева А.Ш

2021 – 2022ж **4а** Ағылшын тілі - 67% 2022-2023 ж - 45% -22 **Бртаева Ж.К ;** Карабекова К.А

**Бртаева Ж.К; Төлеубаева Г.Т.**

2021 – 2022ж **4ә** Математика - 65% 2022-2023 ж - 65% **Әлімжанова Ж.Ә** **Әлім А.Д**

2021 – 2022ж **4ә** Қазақ тілі - 65% 2022-2023 ж -58% -7 **Әлімжанова Ж.Ә** Жанұзақова Т.З

2021 – 2022ж **4ә** Орыс тілі - 77% 2022-2023 ж - 58% - 19 **Ельдесова К.Ж** Жубатканова М.Ж

2021 – 2022ж **4ә** Жаратылыстану - 65% 2022-2023 ж - 50% - 15 **Әлімжанова Ж.Ә** Мусина А.Н

2021 – 2022ж **4ә** Ағылшын тілі - 66% 2022-2023 ж - 50% -5 **Бртаева Ж.К ;** Карабекова К.А

**Бртаева Ж.К; Төлеубаева**

1.Пән мұғалімдері 5-сынып оқушыларының педагогикалық-психологиялық дамуындағы ерекшеліктерін ескере отырып, сынып жетекші, ата-ана, бастауыш сыныптағы жетекшімен өзара сабақтастықты жүйелі түрде жүргізсін.

2.Анықталған кемшіліктер бойынша алдағы уақытта оқу –тәрбие процесі жандандырылсын.

**2-мәселе бойынша :** Директордың тәрбие ісі - жөніндегі орынбасары: Дүйсенбай А.Қ. «Құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстары.» І-тоқсан бойынша тәрбие жұмысының қорытындысы. 2022 оқу жылының барысында №7 Хромтау мектеп – гимназиясы Хромтау аудандық ішкі істер бөлімінің кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі инспекциясымен бірлесіп, мектеп оқушылары арасында құқықты бұзудың алдын алу және болдырмау жөніндегі құрама жоспары жасалды. Оқу жылының басындағы педагогикалық кеңесте құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің құрамы бекітіліп, іс-шара жоспары жасалды. Әр айдың соңғы аптасында құқықтық кеңестің отырысында кезекті мәселелер қаралып отырады.

1 тоқсан көрсеткіші бойынша мектебімізде жайсыз отбасынан шыққан оқушылар, аудандық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған оқушылар: Демесін Гүлназ 11 сынып оқушысы, Гайнуллин Бақыткелді 9 сынып оқушысы тіркелген. Жылдық жоспарды негізге ала отырып, күндізгі және түнгі рейдтер үнемі жүргізілуде. Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып түнгі рейдтер жүргізілді. Нәтижесінде мезгілсіз уақытта, қараусыз, қадағалаусыз жүрген оқушылар анықталған жоқ. Сонымен қатар 2 дөңгелек үстел, әр-түрлі құқықтық тәрбие тақырыбындағы жиналыстар өткізілді. Жылдық жоспар негізінде мобильдік жұмысшы тобы құрылып, бекітілген жоспар арқылы жұмыстар іске асырылды. Ата-аналар арасында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі», тақырыбында жиналыстар, тренингтер, дәрістер өткізілді. Жайсыз отбасыларды анықтау мақсатында оқушылардың үйлерін аралап, әлеуметтік жағдайларымен танысу мақсатында рейдтік жұмыстар жүргізілуде. Өзін-өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып сауалнамалар, тренингтер және жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілуде. Мектеп дәлізінде орналасқан «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» үздіксіз жұмыс істейді. Келіп түскен хаттар мен хабарламалар өз жауаптарын табуда. Мектеп оқушыларын сыныптан тыс үйірмелерге қамтып, бос уақыттарын тиімді пайдалану барысында еркін күрес, волейбол, тоғызқұмалақ, шебер қыздар үйірмелері жұмыс жүргізіп отыр. Үйірмеге 5-11 сынып оқушылары түгел қамтылып отыр. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін нығайту мақсатында күндізгі және түнгі рейдтер аптасына екі рет жүргізіліп отырады. Рейдтер барысында келеңсіз оқиғалар, мезгілсіз уақытта жүрген оқушылар,

ойын клубтарында, тойханаларда жұмыс істеп жүрген оқушылар анықталған жоқ. Ата-аналар үшін балаларды интернеттегі зиянды ақпараттардан қорғау барысында жиналыстар өткізіліп, мектепке ұялы, смартфон телефондарын алып келуге болмайтындығы жөнінде хабарланды. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне енгізілді. Сонымен қатар мектепте «Ұлдармен жұмыс», «Қыздармен жұмыс», «Қыз Жібек» клубы, «Аналар клубы», «Әкелер клубы» жұмыстары жүзеге асырылды.

№7 Хромтау мектеп-гимназиясында 1 қыркүйек – Білім күніне орай «Білім әлеміне қош келдіңіздер» атты салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиынға мектеп оқушылары мен аудандық білім бөлімінің өкілі қатысты. Спорт күніне орай «Дені саудың – жаны сау» атты флешмоб ұйымдастырылды. Флешмобқа барлық мектеп оқушылары қатысты. Сонымен қатар «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында спорттық сайыстар ұйымдастырылды. «Ұл тәрбиесі. Ұлдарға кеңес» тақырыбындағы жиналыс барысында ер балалардың тәртібі, мектеп формасы, қоғамдық ортада ұл бала өзін қалай ұстау керектігі, сабаққа қатысулары, сабаққа кешігу жайында сөз қозғалды. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және түнгі кезекшілік жайында мектеп инспекторы түсіндіру жұмысын жүргізді. «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбындағы жиналыс барысында қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әдептілік, қыздардың жүріс-тұрысы, қыз намысы және сымбаттылық туралы жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар жеке бас гигиенасы туралы пікірлер айтылды. Мектеп ұланбасысына үміткерлерді мектеп оқушылары сайлады. Мектеп ұланбасысы болып 10 «а» сынып оқушысы Сәндібек Алима сайланды. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Тілдер күні» мерекесіне орай апталық аясында оқушылар арасына мәнерлеп оқу эстафетасы өтті. Эстафетаға белсене қатысқан оқушылар марапатталды. Бастауыш сыныптар арасындағы «Толағай» отбасылық сайысы: «Толағай» сайысында 5 команда бақ сынап «Толағай» командасы суырылып алға шығып қанжығасына I орынды байлады. II орынды «Best family» немесе, III орынды «Бірлік» командасы қанағат тұтты. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің отырысы өтті. Отырыста парламенттің мақсат, міндеттері талқыланып, 2022-2023 оқу жылының мектеп президенттеріне үміткерлер анықталды. «Отбасы – бақыттың сыры» челленджі. Челлендж барысында оқушылар өз отбасын таныстырып, видеоролик дайындады. Ұлы жазушы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғалым, қайраткері, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай «Отбасы құндылықтары» пікір сайысы өтті. Пікір сайысқа жас мамандар қатысып, өз ойларын жеткізді. «Қарты бар елдің – қазынасы бар» деп. Оқушылар қарттар күнінен орай қаламыздағы қарттарды мерекемен құттықтады. «Таза қала бірге жасайық!» Оқушылар өз қалаларын таза ұстау мақсатында сенбілікке қатысты. «Екі жұлдыз» ән байқауы өтті. Екі айналымнан тұратын сайыста қатысушылар дәстүрлі әндермен қатар, заманауи әндерді де орындады. Сайыс қорытындысы бойынша «Бастауыш» бірлестігі жеңіске жетті. «Ұстазым бар сенің қасиетің» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мереке қарсаңында 11-сынып оқушылары мектеп мұғалімдерін құттықтап, шара ұйымдастырды. «Дублер күні» өзін-өзі басқару күнінде 9-11 сынып оқушылары мұғалімдерді ауыстырып, сабақ жүргізді. «Күз сыйы» көрмесі ұйымдастырылды. 0-4 сынып оқушылары күз тақырыбындағы қолөнер бұйымдарын жасады. Нәтижесінде көрмеге белсене қатысқан оқушылар марапатталды. «Тәуелсіздік - болашағым» патриоттық әндер челленджі 25 Қазан – Республика күніне орай мектеп оқушылары патриоттық әндерді, мемлекеттік әнұранды орындады. «Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысында. Әр сыныптан құралған жұптар түрлі кезеңдерде сайысып, жеңімпазды анықтады. Сайыс қорытындысы бойынша 5 «ә» сынып оқушылары жеңіске жетті.

**3-мәселе бойынша :** Мектеп – гимназия директоры: Куктаева Э.К. Педагогтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен және кәсіптік этика кодексімен таныстырып өтті.

**4-мәселе бойынша :** Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т. Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу мәселесі, аттестациялау ережелерімен таныстыру. Педагог аттестацияның екі кезеңінен өтеді: бірінші кезең - барлық педагогтің пән мен оқыту әдістемесін білуге арналған тестілеуден міндетті түрде өтуі және екінші кезең-педагог портфолиосын, жетістіктерін бағалау.

**Мынадай өзгерістер ұсынылады.**

Бірінші кезеңге, яғни ҰБТ-ға (Ұлттық біліктілік тесті) қатысты.

1. Әдістеме бойынша тестілеу сұрақтарын қамтитын толық тақырыптар мен әдебиеттер барлығына қолжетімді болады.

2. Педагогикалық өтілі 30 жыл және жаңа аттестация жүйесі бойынша санаты бар педагогтерді біліктілік тестілеуден босату ұсынылады. Олар аттестацияның екінші кезеңінен ғана өтеді, яғни портфолио тапсырады. Бұл ретте егер олар біліктілік санатын көтергісі келсе, онда аттестация жалпы негізде өтеді. Мысалы, 30 жылдық еңбек өтілі бар педагог-сарапшы өз санатын растаса, аттестациядан тек екінші кезеңнен ҰБТ-сыз өтеді, ал арттырғысы келсе қосымша ҰБТ тапсырады.

3. Сондай-ақ педагогикалық өтілі 30 жыл, бірақ ескі аттестаттау жүйесі бойынша жоғары, бірінші санатты педагогтер, «педагог-модератор» санатына ауысатын болса, онда олар біліктілік тестілеуден өтуден босатылады. Бұл жағдайда олар аттестацияның екінші кезеңінен өтеді, яғни портфолио тапсырады. Ал егер бұл педагогтер аттестацияның жаңа жүйесі бойынша басқа санаттарды алғысы келсе, онда аттестация жалпы негізде өтеді.

4. Зейнетке шығуына 4 жыл қалған мұғалімдер де жаңа жүйе бойынша бар санатын растаған жағдайда оларды аттестациядан босату ұсынылады. Ал егер олар қолданыстағы біліктілік санатын, тиісінше алатын үстемақысын арттырғысы келсе, онда аттестация жалпы негізде өтеді.

**Аттестацияның екінші кезеңінде де өзгерістер болады.**

1. Құжаттардың саны айтарлықтай қысқарады. Екінші кезеңдегі негізгі бағалау критерийлері: сабаққа қатысуы және оны талдауы, педагогтің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі. ҰБДҚ-да әр мұғалім үшін маңызды ақпараты бар электронды портфолио құру жоспарланып отыр, мұғалімдер аттестация кезінде мәліметтерді сол жерден ала алады.

2. Оқушылардың білім сапасы туралы ақпарат ақпараттық жүйелерден автоматты түрде алынады.

3. Педагогтің кәсіби жетістіктері мен оқушылардың жетістіктеріне келетін болсақ (олимпиадалар мен конкурстар), олимпиадалар мен конкурстардың тізбесі айтарлықтай кеңейтіледі.

4. Сабақтардың бейнежазбалары міндетті болмайды, оның орнына қатысқан сабаққа және lesson study талдау жасалады.

5. Сонымен қатар тестілеуден өту тәртібін бұзған және өз жетістіктері туралы жалған ақпарат көрсеткен тұлғаларға 5 жылға аттестациядан өтуге тыйым салатын норманы енгізу ұсынылды.

6. Педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскендер «педагог-тағылымгер» уақытша біліктілігін алып, бір жылға жұмысқа қабылданады, содан кейін оларда мамандыққа бейімделу, ену бағдарламасы басталады. Бұл бағдарлама бойынша жас маманға тәлімгер бекітіліп, оның кәсіби даму бағдарламасы әзірленеді, курстардан өтіп, lesson study жүргізеді және бағдарлама қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес «педагог» санатын беру және шартты ұзарту туралы тиісті шешім қабылдайды.

7. Аттестация мерзімін 3 жылға дейін қысқартпай, 5 жылда бір рет, яғни сол күйінде қалдыру туралы шешім қабылданды.

**5-мәселе бойынша :** Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И. «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың қорытындысы.» PISA, TIMSS-ға дайындық жұмыстарының барысы.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының хатына сәйкес, аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен №6Хромтау гимназиясы базасында 9-10 класс оқушылары арасында жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты V республикалық интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңі өткізілді. Интеллектуалдық конкурсқа мектебімізден 9 класс оқушылары Арингазина Динара, Темірхан Аянат, Жалғас Дильназ, Нағашыбай Алина қатыстырылды. Нәтижесінде байқау қорытындысына сәйкес Арингазина Динара «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинациясы бойынша жүлделі II-орынға иеленді. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Жетесов Нуртай Алмасович.

Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының хаты негізінде аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен мектепалды даярлық тобы мен **1-4 класс оқушыларына** арналған «Мейірім әлемді құтқарады» атты облыстық шығармашылық қашықтық байқауына мектебімізден «Әлемге мейірім сыйла» номинациясы бойынша 4 класс оқушысы Бекболатқызы Сәнім, «Мейірім әлемді құтқарады» номинациясы бойынша 4 класс

оқушысы Жалғас Айым, «Мейірімді істер» сурет салу номинациясы бойынша 1 класс оқушысы Айтуған Нұрсәт қатыстырылды.

Нәтижесінде аудандық іріктеу кезеңінен үздік танылып, облыстық сырттай қашықтық байқауында 1 класс оқушысы Айтуған Нұрсәт «Мейірімді істер» сурет салу номинациясы бойынша жүлделі I- орын иеленді. Жетекшілері бастауыш сынып мұғалімдері Ташигулова З.М., Дуйсенбина Г.К және технология пәнінің мұғалімі Баярстанова А.С. Нәтижесінде аудандық іріктеу кезеңінен үздік танылып, облыстық

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының 2022 жылғы 06 қыркүйектегі №555 хатына сәйкес 6-10 класс оқушылары арасында Қазақ балалар әдебиетіне үлкен үлес қосқан ақын-жазушылардың бірі Ескен Елубайдың шығармаларын мәнерлеп жатқа оқу байқауының аудандық іріктеу кезеңіне мектебімізден 6 класс оқушылары Қыдырбеков Дархан, Төлебай Инабат және 10 класс оқушысы Таймухан Аяжан қатыстырылды. Жетекшілері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Шуиншалина Н, Жанұзақова Т.З.

#### **ЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАР ОҚУЛАРЫ БАЙҚАУЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТКІЗІЛДІ**

2022 жылғы 23 қыркүйек күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен аудандағы білім беретін мектептер арасында республикалық балалар оқулары байқауының I аудандық кезеңі ұйымдастырылды. Байқауға мектебімізден 3-10 сынып оқушыларынан 7 оқушы (Арингазина Аялым, Нұржан Әмина, Бекболатқызы Сәнім, Қоныс Айтқазы, Аманқос Нұрхан, Дулатқызы Еркеназ, Жақсылық Айдана) қатыстырылды..

#### **ЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАР ОҚУЛАРЫ БАЙҚАУЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТКІЗІЛДІ**

2022 жылғы 14 қазан күні «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен облыстағы білім беретін мектептер арасында республикалық балалар оқулары байқауының облыстық кезеңінде мектебіміздің 4 сынып оқушысы Бекболатқызы Сәнім жүлделі III-орынға иеленді. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Дуйсенбина Гульжайна Картпанбетовна.

2022 жылғы 28 қыркүйек күні №3Хромтау орта мектебі ғимаратында 1-7 класс оқушылары арасында «Зерде» зерттеу жобаларымен шығармашылық жұмыстарының аудандық кезеңі өткізілді. Байқау қорытындысына сәйкес төмендегідей нәтиже көрсетті.

1. Алмас Томирис-1 орын, жетекшісі Биржанов Р.А. 2. Қыдырбеков Дархан, Мерген Әли-3 орын, жетекшісі Биржанов Р.А. 3. Нұржан Әмина, Айтуған Аялым-3 орын, жетекшісі Ташигулова З.М. 4. Дулатқызы Еркеназ-2 орын, жетекшісі Мусина А. Н. 5. Бекболатқызы Сәнім- мақтау қағазы, жетекшісі Дуйсенбина Г.К. 6. Төлебай Инабат-мақтау қағазы, жетекшісі Тоқсамбаева Қ.А.

Жүлделі I, II, III орын алған оқушылар облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңде сараптама қорытындысына сәйкес Алмас Томирис жұмысы жалпы 32 балл жинап өтпеді. (40 балл оту үшін)

2022 жылғы 28 қыркүйек күні «Жанды сабақ» турының бағдарламасы бойынша Ақтөбе қаласына тарихи, мәдени жәдігерлермен және спорттық кешендерді таныстыру мақсанда кезекті саяхат ұйымдастырылды. Мектебімізден Мергенова Айым, Ғалымжан Әділ, Маратов Ислам қатыстырылды.

2022 жылғы 4 қазан күні 6Хромтау гимназиясы мәжіліс залында облыстық «Тарихи шежірем. Менің тегімнің тарихы» атты байқаудың аудандық іріктеу кезеңі өткізілді. Байқауың мақсаты оқушылардың өз тарихи шежірелерін зерттеуге оны сақтауға тәрбиелеу және тарихты зерделеу үшін болып табылады. Байқау қорытындысына сәйкес 6 класс оқушысы Нұрболатқызы Кәусар III-орын, 5 класс оқушысы Сейтмағамбетов Қолғанат алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Биржанов Рустам Айтуғанович.

#### **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «АҚБЕРЕН» БАЙҚАУЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТКІЗІЛДІ**

2022 жылғы 12 қазан күні №5Хромтау гимназиясы базасында «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының хатына сәйкес аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен аудандағы білім беретін мектептер арасында республикалық «Ақберен» байқауының аудандық кезеңі өткізілді. Аудандық кезеңінде мектебіміздің 8 сынып оқушысы

Тишбаев Ерасыл «Ақындар мүшәйрасы» бағыты бойынша жүлделі ІІІ-орын иеленіп, ІІ сынып оқушысы Жақсылық Мөлдір «Ұлттық аспапта ойнау» бағыты бойынша жүлделі ІІІ-орынға иеленді. Жетекшілері Қалмұратов Жомарт пен Биржанова Райса.

**«КІШКЕНТАЙ БІЛГІРЛЕР» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТТІ**

2022 жылғы 21 қазан күні мектепшілік «Кішкентай білгірлер» байқауында «Барыс» тобы жүлделі І-орын алып аудандық кезеңге жолдама алған болатын.

2022 жылғы 31 қазан күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектептердің 4 класс оқушылары үшін «Кішкентай білгірлер» интеллектуалдық олимпиадасының аудандық кезеңі өтті. Аталған олимпиадаға ережеге сәйкес мектебіміздің «Барыс» тобы қатыстырылды. Байқау қорытындысына сәйкес «Барыс» тобы жүлделі ІІ-орын иеленді. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Дуйсенбина Г.К.

2022 жылғы 20 қазан күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен №1 Хромтау орта мектебі ғимаратында 8-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық лингвистикалық олимпиаданың аудандық іріктеу кезеңі өткізілді. Мектебімізден қатысқан 8-11 сынып оқушылары Жақсыгулова Еркеназ І-орын, Жиенбекова Карина ІІ-орын, Жақсылық Дамира ІІІ-орын, Сәндіғали Сәнгүл ІІ-орын иеленді. Аудандық іріктеу кезеңде жүлделі орын алған оқушылар мен жетекшілерін құттықтай отырып, 2022 жылғы 10 қарашада облыстық кезеңге қатысатын 8 сынып оқушысы Жақсыгулова Еркеназға сәттілік тілейміз.

2022 жылғы 25 қазан күні 2-4 бастауыш сынып оқушыларына арналған «Пон» зияткерлік байқауына 34 оқушы қатысып сертификатталды.

2022 жылғы 26 қазан күні аудандық орталықтандырылған кітапхананың ұйымдастыруымен Мұхтар Шахановтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Тағдырыңды тамырсыздық індегінен қалқала» көркемсөз оқушы шеберлерінің аудандық кезеңіне мектебіміздің 8 класс оқушысы Тишбаев Ерасыл Мақсатұлы қатысып жүлделі ІІІ-орын иеленді. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қалмұратов Ж.С.

2022 жылғы 26 қазан күні Республика көлемінде математика бойынша қабілетті балаларды анықтау, олимпиадалық резерв қалыптастыру, математика пәніне деген қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында 5-6 класс оқушылары арасында «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңі өткізілді. Мектепшілік кезең қорытындысы бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, аудандық кезеңге жолдама алған оқушылар:

5-сыныптар бойынша: 1. Мырзахан Айсұлтан 2. Жақсылық Айдана 3. Серік Мұрагер

6-сыныптар бойынша: 1. Алмас Томирис 2. Аманжолов Айсанат 3. Қыдырбеков Дархан

Аудандық кезеңде оқушыларға сәттілік тілейміз.

PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстанудан білім жетістіктерін анықтауды мақсат етіп қояды. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық. Зерттеу айналым бойынша (үш жылда бір рет) жүргізіледі. Әрбір айналымда функциялық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады. Оқушылар бойындағы бейімділік пен таланттың, танымдық, ізденушілік қабілеттерін зерттеу негізінде қазіргі заман талабына сай шығармашыл тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

**6 - мәселе бойынша :** Мектеп психологі: Каймолдина М.Е. «Оқушылардың эмоционалдық - ерік және тұлғалық дамуын зерттеу (1,5 сынып бейімделуі)» Бесінші сыныпта бейімделу кезеңі олардың мектептегі оқытудың қиын кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл мектеп ортасында және осы жастағы балалардың ішкі әлемінде орын алатын мазмұндық өзгерістер жиынтығымен байланысты. Осыған байланысты 5-сынып параллелінде диагностикалық минимумның мақсаты жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу кезеңінің қиындықтарын жеңу үшін оқушылардың әлеуметтік-психологиялық мәртебесі туралы қажетті ақпарат алу; мектеп тәуекел факторларының алдын алу және жою болып табылды.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешілді:

1. Кеңес психологиялық-психологиялық тексеру, оқушылардың;
2. Мұғалімдердің, әкімшілік өкілдерінің сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктеріне бақылау жүргізілді;
3. Құжаттама зерттелді;
4. Бесінші сынып оқушыларының сынып жетекшілері кеңес берді.

Психодиагностикалық құрал-саймандар оқушылардың пәндік және жеке нәтижелерін зерделеуге бағытталған келесі диагностикалық материалдарды қамтиды:

1. Оқушыларды оқыту мотивациясын оқыту әдістемесі»;
2. Ағаш "Әдістемесі»;
3. "Үрей деңгейі»;
4. "Мектеп пәндеріне қарым-қатынас" сауалнамасы»;

Алынған мәліметтер сандық және сапалы талданып, бесінші сынып оқушыларының бейімделуі бойынша қорытынды жасалды.

**7 -мәселе бойынша :** Әлеуметтік педагог: Мамбеткулова А.К. «Мектептің әлеуметтік паспортын жүргізілуін қадағалау.» Жалпы бала саны: 543 ,ұлы -274 ,қызы – 269  
Толық отбасы:416,толық емес:73,көп балалылар:84,өгей әкемен:,сотталған ата-анамен:2,Тума-туыстың үйінде тәрбиеленетін:11,Интернатта :14,ата-ана қамқорлығынсыз:1,Жетім бала:1,Атаулы әлеуметтік көмек алатын –5 ,Аз қамтылған:36 ,Ыстық тамақпен қамтылғандар:36,Мүмкіндігі шектеулі:жоқ,Мүгедек балалар:4,Үйден оқытылатын:2

#### **Шешім:**

1. І-тоқсанның білім сапасы. Мектепшілік бақылау қорытындысы бойынша жұмыс күшейтілсін.
2. Құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстары жалғасын тапсын.
3. Педагогтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен және кәсіптік этика кодексі жүзеге асырылсын.
4. Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу мәселесі, аттестациялау ережелерімен жұмыстансын.
5. Дарынды балалармен жүргізілген жұмыс ,PISA, TIMSS-ға дайындық жұмыстары жалғастырылсын.
6. Оқушылардың эмоционалдық - ерік және тұлғалық дамуын зерттеу жұмысы іске асырылсын.
7. Мектептің әлеуметтік паспортын жүргізілуі қадағаланып отырсын.

№7 Хромтау мектеп-гимназия директоры:  Э.К. Культаева

Хатшы:  А.Б.Байдullaева

